



«SAMRUK-KAZYNA TRUST»
ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМУ ҚОРЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020



Сіздердің назарларыңызға 2020 жылдың «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қайырымдылық және әлеуметтік инвестициялар саласындағы қызметі туралы есепті ұсынамыз.

Бұл «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидасын іске асыруға және оның «Самұрық-Қазына» АҚ барлық компаниялар тобы атынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге қосқан үлесін хабарлайтын жария қаржылық емес есебі.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры мүдделі тараптарға қызметі туралы кешенді ақпарат беруді және есеп туралы кері байланыс алуды маңызды деп санайды.


Аталмыш есеп электронды нұсқада қазақ және орыс тілдерінде жарияланған.



Мазмұны

Жылдық есеп 2020

Үндеу	01-02
Қор туралы	03
Қайырымдылық жобалар портфелі	04
Қордың миссиясы	05
Бағыттар	06
Денсаулық сақтау	07
Білім беру және кәсіптік бағдар	08
Халықтың осал әлеуметтік топтарын қолдау саласы	09
Өңірлерді кешенді дамыту	10
Бұқаралық спортты дамыту саласы	11
Экология саласы Имидждік жобалар	12
Біз медиа өрісте	13





Алмасадам Сатқалиев



*«Самұрық-Қазына» АҚ
басқарма төрағасы*

Бүгінде «Samruk-Kazyna Trust» қоры - еліміздегі қайырымдылық көшбасшыларының бірі болып табылады. Қор әлеуметтік жобаларды іске асыру барысында үшжақты ынтымақтастық қағидасына негізделеді: бизнес – коммерциялық емес ұйым – мемлекет. Дәл осындай тәсіл әлеуметтік мәселелерді жедел, сапалы шешуге мүмкіндік береді.

«Samruk-Kazyna Trust» қорының 2020 жылы жүзеге асырылған барлық жобалары туралы толығырақ осы жылдық есептен білесіз.

Өз кезегінде қор ағымдағы жылы денсаулық сақтау, салауатты өмір салты және білім беру салаларында қайырымдылық жобаларын іске асыруды жалғастырады.

Қалыптасқан жағдайға қарамастан біз тұрғындарға барынша қамқорлық көрсетіп келеміз. Еліміздің өркендеуіне үлес қосу және халқымыздың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсарту мақсатында 11 жыл бұрын Қайырымдылықтың бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды.



Марат Әйтенов



*«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылық кеңесінің төрағасы,
«Самұрық-Қазына» АҚ қоғаммен және Үкіметпен
байланыс жөніндегі Басқарушы директоры*

2020 жыл барлығымыз үшін қиын жыл болды, үйреншікті дүниелерге жаңа көзқараспен қарауға мәжбүрледі. Бүкіл әлем бір сәтте қазіргі өмір салты қалай өзгеретінін және сыртқы жағдайларға тез жауап беру қаншалықты маңызды екенін түсінді.

Пандемия кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ қалыс қалмай, Covid-19 індетіне қарсы күреске назарын бағыттады.

Қайырымдылықтың бірыңғай операторы - «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал топтары мен ішкі істер органдары қызметкерлері үшін қорғаныс маскаларын сатып алу мен тігуге қаражат бөлді.

Бұдан басқа, ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен Меморандумға қол қойылып, оның аясында еліміздің медициналық мекемелеріне ӨЖЖ аппараттары, пульсоксиметрлер, оттегі концентраторлары, сондай-ақ жедел жәрдем машиналары берілді.

Сонымен қатар, біз Ұлттық ғылыми медициналық орталық базасында ПТР зертханасын автоматтандыруға және өнімділігін еселеуге мүмкіндік беретін арнайы құралды орнаттық.

Әлемдегі жағдайға қарамастан, біз стратегиялық және ауқымды мақсаттарға жету қызметімізді жалғастырудамыз. Осылайша, Елбасы қорымен меморандум аясында Қазақстанның 8 өңірінде мүгедек балаларға арналған оңалту орталықтарын және инклюзияны қолдау кабинеттерін ашу бойынша жоба іске асырылды.

Сондай-ақ, бұқаралық спортты дамыту саласын жүзеге асыру жалғастырылды: Нұр-Сұлтан қаласында 4 алаң орнатылды, Жамбыл облысында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды.

Өкінішке орай, Covid-19 індетіне байланысты кейбір жобалар тоқтатылды, бірақ біз ол жобалардың барлығын онлайн форматқа бағыттауға тырыстық. Осылайша, алғаш рет БЦП бар балаларды қашықтықтан оңалту, сондай-ақ бейімдеу секцияларында «ерекше» балаларды онлайн-оқыту тәжірибесі игерілді; аула клубтарының тәрбиеленушілері өздерінің сүйікті үйірмелеріне қатысуды интернет желісі арқылы жалғастырды. Басқа жобаларды іске асыру кезінде қатаң қауіпсіздік шаралары сақталды.

Осылайша, 2020 жылы қайырымдылық көмекпен 115 000 адам қамтылды. «Samruk-Kazyna Trust» қоры әлеуметтік саланы одан әрі дамытуды жалғастыруды көздейді. Өйткені, әлеуметтік жобалар – кез келген ірі компания жұмысының маңызды құрамдас бөлігі: біз ел экономикасының дамуына ғана емес, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға үлес қосуды мақсат тұтамыз.

Қор туралы



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры – «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің Бірыңғай операторы болып табылады және «Самұрық-Қазына» АҚ барлық компаниялар тобының атынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады.

БІЗДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫМЫЗ:



ТИІМДІЛІК



ЖҮЙЕЛІЛІК



АШЫҚТЫҚ



**ӘЛЕУМЕТТІК
МАҢЫЗДЫЛЫҚ**




Қайырымдылық жобалар портфелі

«Samruk-Kazyna Trust»
Әлеуметтік жобаларды
дамыту қорының
2020 жылғы
қайырымдылық
бюджеті 7,5 млрд
теңгені құрады.


Барлық Қазақстан
өңірлерінде, оның
ішінде Нұр-Сұлтан,
Алматы және
Шымкентте 30
әлеуметтік маңызды
жоба іске асты.

Қайырымдылықпен қамтылды



115 000
бенефициар





Денсаулық сақтау / Білім беру және кәсіптік бағдар /
Имидждік жобалар / Өңірлерді кешенді дамыту /
Бұқаралық спортты дамыту саласы / Экология саласы

Денсаулық сақтау

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры COVID-19-ға қарсы күреске белсенді қатысып, сонымен қатар ел халқына медициналық көмек көрсете отырып, медициналық және оңалту мекемелерін жарақтап, әлеуметтік маңызы бар, оның ішінде денсаулық сақтау және медициналық қызметтер сапасын арттыру саласындағы жобаларды іске асырады.

«ЕУРО-АЗИЯЛЫҚ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ҚОҒАМ» ҚҚ



ПТР тестілерін өту үшін құрал сатып алу жобасы. «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ базасында Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары арасында ПТР тестілерін өткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан 200-ге жуық азамат жыл сайын ПТР тестілеуінен тегін өте алады.

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ҚҚ



Covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды қолдау жобасы. Халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған 1 400 000-ға жуық қорғаныс маскалары, сондай-ақ ҚР ІІМ бөлімшелерінің қызметкерлеріне арналған 900 000-нан астам маскалар берілді.

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ҚҚ

Қазақстан өңірлеріне жабдықтарды, вирусқа қарсы препараттарды және жедел жәрдем автомобильдерін жеткізу бойынша жоба. 50 ӘЖЖ аппараты, 250 оттегі концентраторы, 1000 пульсоксиметр, «Авифавир» препаратының 3 000 қаптамасы, Chevrolet Damas маркалы 92 санитарлық машинасы берілді.

«АЯЛА» ЖҚ

«Басқарылатын гипотермия» жобасы балалардың мерзімнен бұрын қайтыс болу қаупін диагностикалауға немесе туылған кезде мүгедектіктің ауыр түрлерімен дамыған балаларға және оларды уақытылы емдеуге бағытталған. Жоба шеңберінде Tecotherm аппараты мен ЭЭГ мониторы сатып алынып, Қарағанды қаласының Облыстық клиникалық ауруханасына берілді.

«ДОБРОВОЛЬНОЕ ОБЩЕСТВО МИЛОСЕРДИЕ» ҚҚ

Қазақстанда емделмейтін диагноздары бар балаларға көмек көрсетуге бағытталған «Балаларға өмір сыйла» жобасы және аутистік спектрдегі ауытқуы бар балаларға оңалтуды ұйымдастыруға бағытталған «Аутизмді жеңеміз» жобасы. Қазақстанда емделмейтін диагнозы бар 140-тан астам бала жоба аясында көмек алды, аутизмі бар 66 бала тұрақты түрде ем алуда.

«ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОРЫ» ҚҚ

Мүгедек балаларға арналған оңалту орталықтарын құру жөніндегі жоба. Қазақстанның 7 өңірінде 7 оңалту орталығы және Түркістан қаласында бір катанестикалық кабинет ашылды.

«ҚАСИЕТТІ ЖОЛ» ҚҚ

«Дені сау балалар» жобасы - Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында аз қамтылған отбасылардан шыққан БЦП диагнозы бар балаларды оңалту (3 орталық). БЦП диагнозы қойылған 1300 бала тегін оңалтудан өтті. Оның ішінде 707 бала қызметті онлайн, тағы 593-ы оффлайн алды.

«МҰНАЙШЫ ҚАМҚОРЫ» ҚҚ

«Көңілді балақай» жобасы. Жаңаөзен қаласында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 25 түрлі медициналық құралдармен жабдықталған оңалту орталығы ашылды. Қамтуы - жылына шамамен 600 бала.

Білім беру және кәсіптік бағдар

«ЗАМАНДАС 21» ҚҚ

«Отбасылық аула клубтары – балалар мүддесі үшін қозғалыс» жобасы. Нұр-Сұлтан қаласындағы 2 455 бала 5 аула клубтарында онлайн және оффлайн форматта спорт және білім беру секцияларына қатысады.



«ДАРА» ЖҚ

3 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды, оның шеңберінде 300-ге жуық бала түзету көмегін алады (Түркістан облысы Қарабұлақ кенті, Жамбыл облысы Қордай кенті, Қостанай облысы Арқалық қаласы). Мектеп кезеңінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 169 баланы сүйемелдеу үшін 7 ресурстық орталық ашылды (Степногорск, Семей, Қостанай, Петропавл, Алматы, Арқалық қалалары мен Жамбыл облысы Қордай ауылы)



«ZHAS URPAQ INC» ҚҚ

Қазақстан Республиканың инклюзивті қоғамының қалыптасуына елеулі көмек көрсету жөніндегі жоба. Аутизм спектрінде бұзылуы бар 203 балаға Нұр-Сұлтан мен Ақтөбе қалаларының ойыншықтар дүкенінен жаңа жылдық сертификаттар табыс етілді.




«BAURZHAN FOUNDATION» ҚҚ

«Қара сөздер» жобасы. Абайдың 175 жылдығы аясында балалардың суреттерімен иллюстрацияланған «Қара сөздер» атты жаңа басылым жарық көрді. Кітаптың 5 000 данасы республиканың Білім басқармасына берілді.



«ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОРЫ» ҚҚ

Инклюзияны қолдау кабинеттерін құру бойынша жоба. Еліміздің 8 өңірінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 8 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды.





Халықтың осал әлеуметтік топтарын қолдау саласы

«SOS ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛАЛАР АУЫЛДАРЫ» КҚ

Нұр-Сұлтан, Алматы және Теміртау қалаларындағы SOS Балалар ауылдары базасында балалар мен отбасыларды қолдау орталықтарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағытталған Балалар мен отбасын қолдау орталығы жобасы. 1 040 бенефициар орталықтарда әлеуметтік көмек алды.

«ЕРЕКШЕ ТАҢДАУ ШЕЛЕК» КҚ

«Lider Z» жобасы - мүгедектігі бар адамдарға арналған кәсіби онлайн-мектеп. Мүгедектігі бар 70 адам компьютерлік сауаттылық дағдыларына және IT саласындағы сұранысқа ие мамандықтарға оқытылды.

«ЩИВОН» ҚҚҚ



«Қордай ауданындағы 40 тұрғын үйді қалпына келтіру» жобасы. Жамбыл облысы Қордай ауданында ақпан айындағы тәртіпсіздік салдарынан зардап шеккен 40 тұрғын үй нысаны қалпына келтірілді.

«ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ» ҚҚ



«Саламатты болашақ» жобасы - бейімделген спортты дамыту. Ерекше қажеттіліктері бар 600 бала Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Ақсу, Шымкент, Арал, Қарағанды қалаларында және Жаңаарқа ауданында бейімделген спорттың 9 түрі бойынша 54 спорт секциясына барады.

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ҚОРЫ» КҚ



«Жеңіс» жобасы - ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін қолдау бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының әлеуметтік-қайырымдылық жобасы. 4 315 волонтерлік рейд жасалды, оның шеңберінде 1 867 ҰОС ардагері мен тыл еңбеккерлері қамтылды.

Өңірлерді кешенді дамыту

«ӘУЛИЕ АТА ПАРЫЗЫ» ҚҚ



«Дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және жарақтандыру» жобасы. Жамбыл облысы Қордай ауданы Алжан ана кентінде жалпы ауданы 1400 шаршы метрден астам дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды.



Бұқаралық спортты дамыту саласы

«КОММУНИКАТИВТІК БАСТАМАЛАР МЕН СТРАТЕГИЯЛАР ҚОРЫ» ҚҚ

«SportFest Kazakhstan» республикалық мектеп спартакиадасын өткізу» жобасы. Алдағы уақытта 7 000 оқушы қатысатын республикалық спартакиада ұйымдастыру жоспарлануда. Карантин уақытына дейін Жамбыл және Атырау облыстарында өңірлік іріктеу турнирлері өткізіліп, 627 қатысушы қамтылды. Іс-шаралар елдегі эпидемиологиялық жағдай жақсарғаннан кейін жалғасын табады.

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» КҚ

«4 әмбебап спорт және ойын алаңдарын орнату» жобасы. Нұр-Сұлтан қаласында 4 әмбебап спорт және ойын алаңдары орнатылды.

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» КҚ

«Ауа тіреуіш ғимарат базасында көпфункционалды спорт кешендер салу» жобасы. Маңғыстау, Түркістан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Алматы облыстарында ауа тіреуіш ғимарат базасында 6 көпфункционалды спорт кешенін салу жоспарлануда.



Экология саласы

«JASYL ARYSTAN» ЖҚ

«Пластиктен таза Қазақстан» жобасы. 6 млн адам үшін экологиялық сауаттылықты арттыру және пластикті тұтынуға төзімділікті қалыптастыру туралы ақпараттық науқан жүргізілуде.



Имидждік жобалар

«СҚКУ» ЖМ

«Samruk Business Forum» форумы» жобасы. Форум ҚР Премьер-Министрі және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының қатысуымен өткізілді. Форумға 70-ке жуық адам қатысты.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ» ҚБ

«Мен өз елімнің патриотымын» жобасы. Балалар мен жастарды патриоттық тәрбиелеу мақсатында қазақстандық саяхатшы Дмитрий Петрухин туралы деректі фильм дайындалды. Оның авторлық кітабы мен фотоальбомы да жарық көрді.




Рахимжанова М., Петрухин Д.

МИР ПОД ФЛАГОМ СУВЕРЕННОГО
КАЗАХСТАНА

о кругосветном путешествии казахстанского байкера

Біз медиа өрісте



2020 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында **800-ге жуық** материал тегін жарияланды

Әлеуметтік желілерде корпоративтік қордың **3 000-нан астам** белгілемелері тіркелді